



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 61 (8448) Сенбі 11 маусым 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ,
«Ауыл жаңалығы».

Аптаның сәрсенбісі күні, аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен ведомствоаралық комиссия отырысына аудан басшысы, комиссия төрағасы Мұратхан Шүкеев ашты. Аталмыш отырыстың күн тәртібінде үстіміздегі жылдың екінші тоқсанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша жұмыстардың орындалуы мен құқық бұзушылықтардың алдын алу және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөнінде атқарылған жұмыстар туралы мәселелер қаралды.

Бірінші мәселеге байланысты аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру және мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімшесінің бас маманы Ж.Сарсембаева хабарлама жасаса, аудан әкімдігі жер қатынастары бөлімінің басшысы Т.Қырғызбаев пен Бурыл ауылдық округінің әкімі Е.Әліқұловтың есептері тыңдалды.

Онда қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасы бойынша жұмыстарды жан-жақты талдау, қосымша шаралар қабылдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған іс-шарлар жоспарының орындалуы, ұжымдарда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру жұмыстарын жүргізу жайы кеңінен сөз болды.

Сонымен бірге, күн тәртібіндегі екінші мәселеге қатысты аудандық ішкі істер



бөліміне қарасты жергілікті полиция қызметінің бастығы, полиция капитаны А.Дауренбеков хабарлама жасады. Хабарламашы өз сөзінде аудан аумағында есепті мерзімде құқық бұзушылық пен

атқарылған жұмыстар, аудандық прокуратура және білім бөлімімен бірлескен шаралардың барысы, әр түрлі санаттағы профилактикалық жұмыстар, жол-көлік оқиғалары, бөтеннің мүлкін ұрлауға қарсы жасалған әрекеттер, осыған орай ұйымдастырылған түсіндіру жұмыстары мен осы уақыт аралығында тіркелген қылмыстар туралы айтып берді. Бұдан кейін жарыссөзге шыққан Суханбаев ауылдық округінің әкімі М.Өзбеков пен Темірбек ауылдық округінің әкімі А.Амировтер елдімекенде осы мәселеге байланысты атқарылып жатқан жұмыстар жайын баяндады.

Отырысты қорытындылаған комиссия төрағасы М.Шүкеев күн тәртібіне шығарылған екі мәселенің де өзектілігіне тоқталып, ауыл және ауылдық округ әкімдері мен бірқатар бөлім басшыларына нақты тапсырмаларды міндеттеді. Ведомствоаралық комиссия



қылмыстың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шаралар, «Жасөспірім», «Жас жол инспекторы» акциясы аясындағы

отырысы соңында оған қатысушылар күн тәртібіндегі мәселелерге орай тиісті шешімдер қабылдады.

ҰБТ: НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?

А.ШОТБАСОВА,
«Ауыл жаңалығы».

Он бір жыл бойы алған білімнің сараланатын уақыты – Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы анық болды. Ұстаздар еңбегі елсіз, түлектер мен ата-аналар асыға күтетін сынақтың нәтижесі қандай? Бұл жөнінде бізге аудан әкімдігі білім бөлімінің бас маманы Қ.Үдєрова толық мәлімет берді.

- Аудан бойынша үстіміздегі жылдың 3,5,7 маусымы күндері барлығы 449 (67,1 пайыз) мектеп бітірушілер ҰБТ-ге қатысты. Олардың 93,54 пайызы қазақ тілінде (420 оқушы), 6,45 пайызы (29 оқушы) орыс тілінде тест тапсырды. Биыл сынақтың орташа балл көрсеткіші 75,56-ны құрап отыр. Ол өткен жылмен салыстырғанда 10,29 пайызға төмен. (2015 жылы 85,85-ті құраған).

Қуантарлығы, биыл орташа балл көрсеткішінде өсу динамикасы 4 мектепте байқалып отыр. Ауданымызға қарасты Абай, Мырзатай, Чапаев, С.Сейфуллин орта мектептері жақсы нәтиже көрсетті. Сонымен қатар, биылғы жылы ҰБТ-ға қатысқан 27 мектептің 9-ында орташа балл көрсеткіші облыстық көрсеткіштен (78,71 балл) жоғары. Бұл мектептердің тізімінде Абай орта мектебі (91,18 балл), Чапаев

орта мектебі (89,25 балл), Ю.Гагарин орта мектебі (88,16 балл), Жамбыл орта мектебі (86,5 балл), Сарыкемер орта мектебі (83,07 балл), М. Әуезов орта мектебі (81,25 балл), Кеңес орта мектебі (80,36 балл), С.Абланов орта мектебі (80,1 балл), Мырзатай орта мектебі (79,42 балл) бар, - деді Құралай Шопығұлқызы.

Жалпы, тестілеуден 100-ден астам балл жинаған бітірушілер үлесі 9,1 пайызды (41 оқушы) құраған. Өткен жылы Түймекент орта мектебінің түлегі Жайсан Айжан 120 балл алып, ең жоғары нәтижені иемденсе, биыл Жамбыл орта мектебінің оқушысы Бекарыс Шалабаев 117 балл көрсеткішімен алдыңғылар қатарынан көрінді.

Ал, «Алтын белгіге» ұсынылған 15 үміткердің 46,7 пайызы, яғни 7 оқушы өз білімдерін дәлелдеп шыққан. Атап айтар болсақ, Н.Киікбаев атындағы орта мектебінен (4 үміткер, оның біреуі) Ділдақұл Аида -115 балл, Ғ.Мұратбаев мектеп-гимназиясынан (4 үміткер, оның екеуі) Мұхтарова Арайлым -116 балл, Нұрмаханұлы Жанболат - 108 балл, Түймекент орта мектебінен Айтбек Акжарқын -112 және С.Абланов орта мектебінен Абаханова Аида -109, Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебінен Шуртанов Бауыржан -113, Кеңес орта мектебінен Кеңесбек Шалқар -109 балл



жинап, «Алтын белгі» иегерлері аталмақшы. Ал, қалғандары «Үздік аттестат» иегерлері қатарына қосылды.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ: Иә, ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесі осындай жағымды жаңалықпен қуантқаны рас. Деседе, биылғы көрсеткіштің өткен жылғыдан төмен болуы әрі 50 балл шекті деңгейге қол жеткізе алмағандардың үлесі 38 оқушыны құрап отырғандығы (өткен жылы 8 оқушы) өкінішті, әрине. Атын атап, түсін түстегеннен не пайда? Алда білім бәсекесіне дайындықты күшейте түссек мұндай олқылықтар орын алмасы анық. Біздікі тек білім ошақтарының басшылары, ұстаздар, оқушылар осы бастан ойланса екен деген ұсыныс қана.

Ауыл ТЫНЫСЫ

САРЫКЕМЕР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Қасиетті Рамазан айы басталысымен «Байзақ баба» мешітінде 70 ер бала, 45 қыз бала «Мұғалім сәни» кітабы бойынша дәріс алуға. «Мұғалім сәни» кітабы араб тіліне бастапқы қадам жасаған бастаушылар мен Құранды мәнерлеп оқуды үйренем деушілерге тәжіудің негізгі қағидалары мен ұғымдары туралы толық мағлұмат береді. Дәрісті аталмыш мешіттің бас имамы Р.Азизов, набиимам А.Каримбаев және З.Күмісбек өткізуде.

Мұнымен қатар «Қалмұрат баба», «Шолпан Дауыт», «Аймантобе», «Бишен», «Ән Нағым» мешіттерінде де шәкірттерге дәріс берілуде.

Сондай-ақ, аудан орталығындағы «Байзақ баба» және елді мекендердегі мешіттерде тұрмысы төмен, көп балалы отбасылар, жетім-жесірлерге қайырымдылық көмектері көрсетілуде. Тарауих намазы оқылып, қатым Құран түсірілуде.

БУРЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Бурыл орта мектебі жанынан ашылған «Ботақан» шағын орталығында «Сәбилерге туған ел-шұағы» атты акция өткізілді.

Акцияда сөз алған Бурыл ауылдық округінің әкімі Е.Әліқұлов, осы мектептің директоры Г.Өлімбековалар егемен еліміздің келешегі жастарды білікті де білімді етіп тәрбиелеудің маңызын айтты.

Бұдан соң балаларға сый-сияпаттар ұсынған кәсіпкерлер Н.Байжанова мен Ұ.Бапатов жылы лебіздерін білдірді. Акция шеңберінде орталықтың балалары ән мен күйден, биден шашу шашты.

ЖАҢАТҰРМЫС АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Амангелді атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Байдаралинованың ұйытқы болуымен «Бастауышым бастама-бізді алға бастаған» тақырыбында бастауышпен қоштасу шарасы өтті. Сынып жетекшілері Г.Бейсенова мен В.Чакиева тәрбиелеген балалар С.Тойбек, К.Сасайбек, Е.Жақсылық, Н.Максұтова, А.Баймаханбет, Е.Тілеу, А.Мырзакерім, Қ.Жетпісбаевалар өз білімдері мен өнерлерін ортаға салды.

Айтулы шарада мектеп директоры Қ.Алменова сөз сөйлеп, балғындарға ізгі тілегін жеткізді. Сонымен қатар, ұлағатты ұстаз Г.Бейсенованы зейнет жасына толуымен құттықтап, аудандық кәсіподақ комитеті тарапынан Құрмет грамотасымен марапаттады.

Жанатұрмыс орта мектебінің жанынан ашылған «Ақ көгершін» жазғы сауықтыру лагерінде 30 бала тынығуда. Лагердің ашылуында мектеп директоры С. Үсєрбаев, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Бегалиева сөз сөйлеп, балалардың жақсы демалып, күндерін көңілді өткізу үшін барынша жағдай жасалғандығын айтты.

«Балдырған» және «Балапан» топтарының жетекшілері Э.Асанова, А.Оспанова, А.Жаңабасова, А.Балқыбековалар бүлдіршіндерге әртүрлі ойындар ойнатып, «Лагерь думан», «Рәміздерім-мақтанышым», «Жаз аруы» секілді шараларды өткізсе, үйірме жетекшілері Ж.Қазбекова, Ш.Тазобекова, М.Сайпазаров, А.Сейтхан, С.Әжібекова, Д.Смағұловалар танымдық шаралармен оскіндерді тәтті етуде.

ЖАЛҒЫЗТӨБЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Бүгінгі таңда облысымызда баламасы жоқ «Жасұлан-Флора» гүл фабрикасы жұмыс жасауда. 2007 жылдан бері Жұмақұл Омарова басшылық ететін серіктестіктің өсірген-гүлдері республиканың көптеген облыстарында, аудан орталықтарының ажарын келтіруде.

Жалғызтөбе ауылдық округінде орналасқан жылыжайларда 10 миллионға жуық гүл өсірілуде. Онда негізінен Голландия мен Германиядан алдырылған гүл тұқымдары өсіріліп, аталмыш гүлдермен Тараз қаласының негізгі бөлігі көріктендірілуде.

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ

В РЕЖИМЕ РЕАЛЬНОГО ВРЕМЕНИ

В ЗАЛЕ ЗАСЕДАНИЙ АКИМАТА РАЙОНА ВЕЛАСЬ ПРЯМАЯ СВЯЗЬ С АСТАНОЙ. В РЕЖИМЕ РЕАЛЬНОГО ВРЕМЕНИ О РАБОТЕ ВЕДОМСТВА ОТЧИТЫВАЛСЯ МИНИСТР ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ Т.ДОНАКОВ.

На трансляции присутствовали: специалисты аппарата акима района, руководители, ведущие специалисты организаций, учреждений района, представители сельских округов, «Молодёжного ресурсного центра», предпринимательства, госслужащие.

Министр Т.Донаков отметил, что государственная служба за годы независимости прошла большой путь развития, рассказал о происходящих преобразованиях в системе государственного управления, в том числе в рамках Пяти институциональных реформ, первой из которых обозначена



модернизация государственного аппарата. Особо остановился на работе по противодействию коррупции, осуществлению контроля и оценки качества оказываемых государством услуг, где качество государственных услуг прямо и непосредственно влияет

на взаимоотношения общества и государства. Сказал, что особое внимание в работе ведомства обращается на обеспечение функционирования и дальнейшую модернизацию казахстанской госслужбы, на формирование сервисной культуры в работе госаппарата, повышение уровня доверия населения к институтам власти.

После доклада министр ответил на многочисленные вопросы, поступившие из аудиторий и регионов. Многие из них касались коррупционных правонарушений, изменений антикоррупционного законодательства страны, внедрения в госслужбу нововведений, звучали вопросы и по конкретным случаям.

Наш корр.

КӨКЕҮКЕСТІ МӘСЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Осы аптада аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия мен аудан әкімдігі жанындағы салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті. Оны аталмыш комиссияның төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С. Кенжебаев ашып, жүргізіп отырды.

Алдымен аудан әкімдігі білім бөлімінің басшысы Д. Усқумбаева Халықаралық балаларды қорғау күніне орай аудан орталығындағы А. Суханбаев атындағы саябақта, балалар бақшасында, сонымен қатар мектеп жанынан ашылған сауықтыру лагерлерінде өткізілген шараларға шолу жасады. Одан соң ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысына тоқталды.

Биылғы жылы аудан бойынша 669 мектеп бітірушінің ҰБТ-ға 449-ы қатысқан. Аудан бойынша ҰБТ-дегі орташа балл 75,76-ны құраған. «Алтын белгіге» ұсынылған 15 үміткердің 46,7 пайызы білімдерін дәлелдеген. 9 үміткер «Үздік аттестат» иегері екендігін айтқан білім бөлімінің басшысы ҰБТ-ға қатысқан ауданның 27 мектептерінің ішінде ең жоғары баллға ие



болғандармен, 50 балл шекті деңгейге қол жеткізе алмаған білім ошақтарын атап өтті.

Отырыста Сағындық Жұмағұлұлы балалардың жазғы демалысын ұтымды ұйымдастыру, ҰБТ-да білім деңгейін төмен көрсеткен мектеп басшылары, ұстаздармен жұмысты жандандыру қажеттігін жеткізді.

- Қазіргі таңда ауданымызда дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың саны 26570 адамға жетіп, жалпы халықтың 26,7 пайызын құрап отыр. Аудан бойынша 171 спорттық нысан халықтың игілігіне қызмет етуде, деп бастаған сөзін аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ә. Омаров жазғы мерзімде спорт алаңдары мен спорт залдарында

өткізіліп жатқан іс-шараларды баяндады.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулы қабылданды. Отырысты С.Кенжебаев қорытындылады.

Өз тілшіміз.

Бізден де бір ұсыныс

АРДАГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫ БОЛСА...

НАМАНҚОЗИЕВ, зейнеткер.

Сарыкемер ауылының кіреберісінде көк жамылған «Астананың 10 жылдығы» атындағы дендросаябағы көрген көзді қуантатын сөзсіз. Саябақты



2001 жылы Қ.Жабағиев аудан әкімі болып тұрғанда қолға алып, 15 гектар жерге әртүрлі ағаштар отырғызылған еді.

Бүгінгі күні дендросаябақ сарыкемерлік тұрғындардың, әсіресе, жастардың дем алып, уақытысын табиғат аясында өткізетін орынға айналып отыр.

Саябақ іші таза, тал-дарактар өніп-өскен. Су ағатын арықтар шабылып, тазаланған, жабайы өскен ағаштар бұталып, жөнге келтірілген. Саябақтың күтімі бар екені көрген көзге көрініп-ақ тұр. Бак ішінде ертелі-кеш немерелерін ойнатып жүрген қарияларды, қол ұстасып қыдырып жүрген жастарды көруге болады.

Саябақта ардагерлер С.Рысбаев, С.Жаманқараев және бүгінде мәжіліс депутаты Қ.Жабағиев мырзалардың отырғызған емен, шыршалары өсіп-жетіліп, ауылға көрік беріп тұр. Осы тұста ойда жүрген бір жәйт, өсіп тұрған ағаштар демалушыларға сая болғанымен тал-дарактарды отырғызған елге сыйлы ағаларымыз туралы еш мәлімет жоқ. Осы мәселе қашанда ескерусіз қалады, жылда көктем айында ардагерлерге шырша, емен ескізін ескіземіз де соңында қараусыз қалдырамыз. Ағаш егілген жерге арық тартылмайды, суарылмайды.

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген. Сол кісілердің отырғызған ағаштарының жанына тақтайша қойып, аты-жөнін жазып қойса, болашақ ұрпақтарға үлгі-өнеге болар еді.

Әзім осы саябаққа он жыл басшылық жасап, бақтың осындай дәрежеге

жетуіне үлесімді қостым. Бүгінде зейнеткермін, бірақ үйде отырып қалмай, уақытыма қарай саябаққа барып, қазіргі жастарға өз білгенімді айтып тұрамын. Саябақты аралап, демалып қайтамын. Саябақта Тараз қаласынан бала-шағасын арнайы алып

келіп, дем алып жүрген кісілерді жиі кездестіруге болады. Жекжат-жұратын аралап, осында келген қонақтар да саябаққа кірмей кетпейді. Келген қонақтардың айтары тек алғыс. Қазір жаз айы соңғы кезде жоғары сынып оқушылары мектептегі мерейлі шараларын осы маңда өткізіп, күн шапағын осы жерде тосып алуы үрдіске айналған.

Саябақ ішінде жарық орнатылған. Күзетшілер, жұмысшылар өз міндетін тұрақты атқаруда. Жас бүлдіршіндерге дем алуына ыңғайлы түрлі ойын құралдары орнатылған. Спортпен шұғылданатын деген жастарға волейбол, теннис алаңдары бар. Алаңдағы барлық құралдар жылда сырланып, әрленіп тұрады.

Тоқ егерін айтқанда өзімің ойымды көптен мазалап жүрген осы бір мәселе, бак ішін аллеяларға (казакша ауылға) бөлсе дұрыс болар еді. Мәселен, «Батырлар» ауылы: (батырлардың суретін қойып, аты-жөні жазылса). «Батыр аналар» ауылы, «Ардагерлер» ауылы т.с.с. деп белгіленсе...

Мүмкіншілігі бар ағайындар елге сыйлы болған ата-аналарын еске алу мақсатында сол кісілердің атына саябақ ішінде ауыл тұрғызып, сол жерді күтіп, баптап, қарап отырса нұр үстіне нұр болар еді.

Наурыз мейрамын саябақта ұйымдастырып, киіз үйлерді осында тіксе, Жеңіс күнін тойлағанда соғыс ардагерлерін шырша арасына дастархан жайып, солдаттың ботқасын осында берсе, ардагерлер соғыс кезінде жүрген Ресей ормандарын еске алар еді.

Бұл менің ойым, оқырман ағайындар. Сіздер не дейсіздер?

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫНА ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫПАУ ЖҮРГІЗУ

Р. ШАРИПОВ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының басшысы.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты Қазақстан халқына Жолдауында ерекше назарды мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыруға аудару қажеттігі көрсетілген. Бұл бағыттағы басты міндет-мемлекеттік аппараттың халықпен өзара қарым-қатынастарында біржақты-өктем көзқарастардан арылып, азаматтарға мемлекеттік қызметтерді тиімді және жедел түрде көрсетуге көшу.

Әлемнің дамыған мемлекеттерінде және елімізде мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызметпен тығыз байланыста. Бұл кездейсоқ емес, себебі мемлекет өз қызметтерін мемлекеттік органдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар арқылы көрсетеді.

Еліміздің осы саладағы саясаты мемлекеттік қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын жүзеге асыруға, заңды мүдделерін қанағаттандыруға және сапалы қызмет көрсетуге бағытталған. Бұл тұрғыда көрсетілетін қызметтер сапасын мемлекеттік бақылаудан бөлек қоғамдық бақылау жүргізу мәселесі өзекті болып табылады.

Қоғамдық бақылауды жүргізу қоғаммен бірге мемлекеттік билікке де пайдалы. Расымен де, бұл жұмыс мемлекетті жауапты болуға, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге, адамның құқығы мен бостандығын қорғауға және сыйлауға, жалпы айтқанда ортақ игілігінің тиімділігіне әрекет етуге міндеттейді.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын бағалаудағы қоғамдық бақылаудың негізгі мақсаты - мемлекеттік органдар жұмыстарының кері байланысын қамтамасыз ету. Бұл құрал сол немесе басқа да қызметтердің мақсаттылығы мен қажеттілігін және де оларды көрсету әдістерінің тиімділігін анықтауға септігін тигізеді. Тек қана қоғамдық бақылау арқылы мемлекет қоғам және нәтиже үшін жұмыс жасай алатын болады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қажеттілігі жыл сайын артып келеді. Соның нәтижесінде оларды заңнамалық деңгейде реттеу қажеттілігі туындады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі ұғымын, сонымен бірге қызмет алушының құқығын және қызмет берушінің құқығы мен міндеттерін анықтайтын «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында жеке тұлғаларға және үкіметтік емес ұйымдарға басқарушы шешімдерді қабылдау кезінде белсенді қатысуға мүмкіншілік беретін, мемлекеттік қызмет көрсету саласын жетілдіру мен дамытудағы қоғамның ролін арттыратын жана әдістер енгізілді.

Осындай әдістерінің бірі- мемлекеттік қызметті көрсету рәсімдерін жетілдіру бойынша әрбір азаматқа өз ұсынысын беруге мүмкіншілік беретін, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылау.

Келесі бір маңызды және түйінді тетіктердің бірі — жеке тұлғалар, коммерциялық емес ұйымдар өз бастамасы бойынша және өз есебінен іске асыратын, сонымен бірге мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның, яғни Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрлігінің қоғамдық мониторингті қалыптастыруға және іске асыруға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингін жүргізу.

Қоғамдық мониторинг қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету сапасының деңгейі туралы ақпараттарды жинақтау және талдау жұмыстары жүргізіледі, қызмет берушілерге заң талаптарының сақталмауы фактілерін жою туралы және мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің сапасын және оңтайландыруын арттыру бойынша ұсыныстар әзірленеді. Қызметті көрсету кезіндегі әкімшілік кедергілер және мемлекеттік қызметші тарапынан жіберілген рәсімділік пен субъективтік бұзылушылықтар анықталады.

Аталған мониторинг қандай да бір саладағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасына азаматтардың қанағаттанушылығы туралы ақпараттың қажетті нәтижесін алуға көмек береді. Сонымен қатар, бұл жұмыс мемлекеттік деңгейдегі халыққа қызмет көрсету рәсімдерін жақсарту бойынша өткізіліп жатқан өзгерістерге азаматтардың сенім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Қоғамдық мониторинг жүргізу кезінде халықпен жұмыс жасаудың

түрлі формалары пайдаланылады: сауалнамалар, фокус-топтар және сұхбат жүргізу, «құпия сатып алушы», мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне бақылау жүргізу.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына қоғамдық мониторинг жүргізудің рейтингі бекітіліп, азаматтардың қанағаттанушылық деңгейін анықтау бойынша қызмет алушылар арасында сұрақ қою арқылы жүргізіледі және келесі критерийлер бойынша бағаланады: ақпаратқа қолжетімділік, қызмет сапасы, оны көрсету үдерісі, қызметтер туралы ақпарат, қызметтің нәтижесі мен оларды электронды түрде көрсету.

Осылайша, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу қызмет көрсету сапасын арттырудың басты тетіктерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырудағы маңызды мәселелердің бірі - халықтың мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі жөнінде хабардар болуын және құқықтық сауаттылығын арттыру, заң бұзылушылықтардың алдын алу және сыбайлас жемқорлық көріністері мен тәуекелдерін жою.

Мемлекеттік қызметті берушіге немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (Халыққа қызмет көрсету орталығы) қызмет алуға барған әрбір азамат оны көрсету стандартымен танысуы қажет. Онда қызмет алушыға арналған барлық ақпараттар көрсетілген: қызметті көрсету тәртібі, мерзімі, нысаны, нәтижесі, мемлекеттік қызмет көрсетудің төлем ақысы, оны төлеу әдістері, қызмет берушінің жұмыс регламенті, қызмет көрсетуге қажетті құжаттар тізілімі, шағымдану тәртібі және т.б.

Халықты ақпараттандыру мақсатында мемлекеттік қызмет көрсететін барлық мемлекеттік мекемелерде (ұйымдарда) ақпараттық стендтер орнатылған, ресми интернет-ресурстарында қажетті мәліметтер берілген.

Қысқаша айтқанда әрбір азамат мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы құқықтық сауатын жетілдіру нәтижесінде өз құқықтарын қорғап қана қоймай, қызмет көрсету сапасын жоғарылатуға және сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алуға оң септігін тигізе алады.

Анықтама үшін:

Мемлекеттік қызметтерді алу барысында құқықтарыңыз бұзылып, заңды мүдделеріңізге нұқсан келген жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне шағымдануыңызға болады, мекенжайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі, 35 үй, 8-қабат, байланыс телефондары: 8-7262-43-88-08, 43-88-22.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТӘУБЕ

С.ҚОНАЕВА, көп балалы ана, Көктал ауылы.



«Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды» - деп Елбасымыз айтпақшы тәуелсіздік кез-келген халық үшін өте қадірлі ұғым, қастерлі мағына. Әсіресе кейінгі буын жас ұрпақ тәуелсіздіктің мән-маңызын тереңірек түсіне білсе, болашағымыздың болымды боларына сенім мол.

Жас ұрпақ демекші, кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстыратыны рас. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы да болады. Солай демекші ХХІ ғасыр бүгінгі ұрпаққа бұйырған бақыт деп ойлаймын. Өйткені азаттық үшін ақтық демі қалғанша күрескен ата-бабаларымыз елімізге егемендікті алып беріп, бүгінде татулық пен тұрақтылық орнаған Отанымызда ұл-қыздарымыз бақытты ғұмыр кешуде.

Жастарымыздың жақсы оқып, шет елдерде білімдерін жетілдіруі және білікті маман ретінде өз мүмкіншіліктерін байқатуы үшін қазіргі таңда мемлекетімізде барынша жағдайлар жасалып келеді. Бір ғана «Болашақ» бағдарламасының өзі не тұрады? Ол бойынша сан мыңдаған жастар алпауыт мемлекеттерде өз білімдерін толықтырып жатыр.

Сонымен қатар, өнер, спортсүйер жасөскіндерге де қолдау мен қолпаштау айтарлықтай деңгейде. Ең бастысы елімізде түрлі ұлт өкілдері достастықты ту етіп, тәуелсіздікті баянды ету жолында біріге қажырлы еңбек етіп келеді. Ел егемендігімен бірге тіліміз, дініміз, діліміз ортамызға оралды. Сондықтан да біз тәуелсіздікке тәубе дейміз.

Ойымды Елбасының мына бір сөзімен қорытқым келеді: «Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін».

Иә, азаттықты ғасырлар бойы аңсаған халқымыз міне биыл асыл арманы орындалған ұлы күн — ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығын салтанатпен атап өтпекші. Ендеше тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болғай!

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТІРЕГІМІЗ

Ж. МАЛИБЕКОВА,
сот отырысының хатшысы.

“Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар;
Әлемде егемен Қазақстан бар;
Оның көпұлтты, тату, ынтымақшыл халқы бар;
Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар;

Ең бастысы – бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар” деп Елбасымыз айтқандай, еліміз тәуелсіздік алысымен өзіндік даму жолына түсті. Бүгінде ең қарқынды дамушы елдердің біріне айналған Қазақстан экономикасы мығым, саяси ахуалы тұрақты мемлекет ретінде әлемге танылып отыр. Бейбітшілік пен келісімді нығайтып, этносаралық және конфессияаралық татулықты сақтай білген еліміздің алдында

тұрған басты мақсат-дамыған 30 елдің қатарына ену және “Мәңгілік Ел” идеясын іске асыру.

Биыл еліміз Тәуелсіздіктің 25 жылдығын атап өтеді. Жылды «Бірлік пен жасампаздықтың 25 жылы» ұранымен мерекелеу туралы тұжырымдама қабылданды. Осы тұжырымдама аясында ауданымызда “Тәуелсіздікке-25 жыл”, “25 қайырымды іс” атты шаралар ұйымдастырылып, өткерілуде.

Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында еліміздің алған асуы ауқымды. Ал ендігі жерде- бүгінгі ұрпаққа тәуелсіздікті сақтау және нығайту сияқты тарихи жауапкершілік жүктелгендігін ұғындыру, тәуелсіздікті тұғырлы ету, аға ұрпаққа қамқорлық көрсету, ел ішіндегі бірлік пен татулықты сақтау болып табылады.

Өзара іс-қимыл мәселелері талқыланады

Өткен аптада Байзақ аудандық сотында сот жүйесі және атқару өндірісі органдарының өзара әрекеттестігі мәселелерін талқылау бойынша семинар өтті. Семинарға қатысушылар сот органдарының «Төрелік» ақпараттық жүйесі және атқару өндірісі органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (АӨО ААЖ) арасындағы өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

Семинарда А. Каржауова баяндама жасады. Баяндамашы өз сөзінде «бұл функционал сот орындаушысы шығарған қаулыны санкциялау немесе одан бас тарту туралы шешімді өте қысқа мерзімде

қарауға, сондай-ақ, қаулыны атқарушылық іс жүргізу органдары автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне бір ғана «жіберу» тетігін басу арқылы жолдауға мүмкіндік беретінін, Байзақ аудандық сотымен мемлекеттік және жеке сот орындаушылардың 255 қаулыларына электронды түрде санкцияланғанын атап өтті.

Шара соңында әділет органдарына немесе жеке сот орындаушылардың аймақтық палатасына электрондық құжатты атқару үшін жолдаумен қатар оны әрі қарай тіркеу жайы кеңінен сөз болды. Жіберілген кемшіліктер зерделенді. Ақпараттық жүйелердегі функционалдардың әр түрлі техникалық мәселелерін шешу тәсілдерісөз болды.

«КРУГЛЫЙ СТОЛ» на злободневную тему

В Байзакском районном суде был проведен «круглый стол» на тему: «Причины неисполнения судебных актов».

В его работе приняли участие: помощник прокурора по Байзакскому району Ж.Койкенова, работники канцелярии, государственные и частные судебные исполнители.

В своём докладе заведующая канцелярией Байзакского районного суда А.Узбекова отметила, что основной целью данного мероприятия является выяснение причин длительного неисполнения судебных актов.

Ж.Койкенова сделала замечания государственным и частным судебным исполнителям по затягиванию сроков исполнения судебных актов. Те, в свою очередь, объяснили, что дела находятся на стадии исполнения и в кратчайшие сроки будут завершены.

В заключение мероприятия А.Узбекова ответила на все вопросы присутствующих, строго наказав принять действенные меры по качественному исполнению судебных актов.

Наш корр.



ТҮСІНІК ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

И. РЫСАЛДНЕВ,
Байзақ ауданы ТЖ бөлімінің инженері.

Жадыраған жаз да келіп жетті. Күн ысып, қалың жұрт суға түсуге асығатын болды. Суға шомылу кезінде сақтық шараларын сақтамаудан бүгінгі күнге дейін 3 адам жапа шекті. Соның 2-і жасөспірім.

Осы аптаның басында Бәйтерек, Сарыкемер, Қостөбе, Қызыл жұлдыз ауылдық округтері аумағындағы су айдындарына тексеру жүргізілді. Яғни, Байзақ аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері, ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен аудан әкімдігінің АҚ және ТЖ бас мамандары Талас өзенінің тыйым салынған жерлеріне және суға түсуге арналған орындарды аралап көрді.

Алдымен ТЖ бөлімінің қызметкерлері суға шомылып жатқандарға қауіпсіздік ережелерінің маңызын түсіндірді. Мұздай суға бірден түспеу, мас күйінде жүзу және өз күшін асыра бағалауға болмайтындығын айтып, шомылу кезінде есте ұстайтын қағидастарға тоқталып, жадынамағалар таратты. Сонымен қатар, су айдындарына барған кезде балаларды қараусыз қалдырмау жайын ескертіп, көмек қажет болған жағдайда “Бірінғай құтқару қызметіне” -«112» телефонына хабарласу қажеттігін жеткізді.



МҰНЫ ДА БІЛГЕН АБЗАЛ

М.ОРМАНАЛИЕВА,
аудандық әділет басқармасының бас маманы.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу» туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі №310 Заңының 9-бабының 1,2 тармағына сәйкес, жеке және заңды тұлғалар құқық туындауы үшін негіз болып табылатын заңдық факт басталған. Оның ішінде шартты нотариат құраландырып, сот шешімі күшіне енген, өзге де құқық белгілейтін құжаттар берілген кезден бастап алты айдан кешіктірмей мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен жүгінуге міндетті. Жеке және заңды тұлғалардың осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімді бұзуы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 460-бабына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Азаматтардың қорғалуын және мемлекеттің мүддесінің құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғалуын арттыруға бағытталған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексі мынадай негізгі бағыттарды іске асыру арқылы әкімшілік заңнаманы реформалауға бағытталған.

Бірінші. Шағын бизнеске қолдау көрсетуді көздейтін ізгілендіру. Атап айтқанда, шағын

кәсіпкерлік субъектілері үшін айыппұлдар мөлшерлері орта есеппен екі есе азайтылды.

Сондай-ақ әкімшілік жазаның түрі ретінде ескертуді қолдану аясы кеңейтілді.

Екінші. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдардың қызметі қайта қаралды.

Атап айтқанда, санкцияларында айыппұл түріндегі әкімшілік жаза көзделген баптар уәкілетті мемлекеттік органдардың қарауына беру жолымен соттардың жұмысы жеңілдетілді.

Үшінші. Әкімшілік жауаптылыққа тарту рәсімін жаңғырту. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу егер адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде хаттамамен бірге алған түбіртек бойынша айыппұл төлеу жүргізілген жағдайларда қысқартылған іс жүргізу енгізілді. Яғни адам жасалған құқық бұзушылық фактісімен келіседі, өз кінәсін мойындайды және өз еркімен айыппұл төлеуге дайын және ешқандай наразылығы жоқ. Бұл ретте қысқартылған тәртіп үшін адамға хаттаманы тапсырған кезден бастап, жеті күндік мерзімде айыппұлдың жалпы сомасынан 50 пайызын төлеуге мүмкіндік берілген. Адам жасалған құқық бұзушылық фактісімен келіспеген жағдайда, іс жалпы тәртіппен қаралады.

ДҢН-ҚҰНДЫЛЫҚ

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ИСЛАМ

РАБИРОВ,
«Тілес қажы» мешітінің имамы.

Біз ұзына бойы тарихымызда небір қиындықтарды басымыздан кешкен елміз. Қазақ елінің тарихы мен мәдениеті ғасырлар бойы ислам дінімен байланыса дамып келеді.

Тарихымызға көз салсақ Орталық Азия мен Қазақстанға исламныңенуі VII-VIII ғасырларға жатқызылады. Анығырақ айтсақ, исламның түбегейлі орнығуына VIII ғасырдың ортасында, яғни 751 жылы Тараз қаласының маңындағы араб әскербасы Зияд ибн Салих пен қытай қолбасшысы Гао Сянчжи арасындағы бірнеше күнге созылған Атлах шайқасында арабтардың жергілікті халық-карлұқтардың көмегімен жеңіске жетуі айтарлықтай ықпалын тигізген. Қытай әскері жеңіліп Жетісу мен Шығыс Түркістан азат етілді. Араб әскерінің бұл жеңісі Орта Азия жерінде ислам діні мен мәдениетінің орнығып қалыптасуына бастау болады.

X ғасырдың басында исламды Қарахан әулиетінің негізін қалаушы Сатұқ қабылдайды. 960-жылы Сатұқтың ұлы Боғра хан Харұн Мұса исламды мемлекеттік дін деп жариялайды.

X ғасырдың аяғына қарай ислам Жетісу мен Сырдариядағы отырықшы халықтың басты дініне айналады.

Орта Азиялық мұсылман ілімі мен мәдениетінің дамуына ортағасырлық шығыс мәдениеті тың серпін берді. Әл-Фараби,

Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Мұхаммед Хайдар Дулати атты ұлы ойшылдар ғылым мен философияның көрнекті ойшылдарына айналды.

Қожа Ахмет Яссауи Оңтүстік Қазақстандағы көшпенді түркі халқының арасындағы исламды таратуда зор үлес қосты. Әмір Темірдің Яссауиге деген құрметінің белгісі ретінде XIV-XV ғасырларда тұрғызған Қожа Ахмет Яссауи кесенесі қазіргі таңда тек Қазақстандағы сәулет ескерткіші ғана емес, әлемдік озық үлгілердің бірі болып саналады.

XIII-XIV ғасырларда Орталық Азия мен қазақ жерінде монғол шапқыншылықтарының әсерінен көптеген қалалар жойылды, мешіт пен медреселер қиратылды, ғылым мен мәдениет орталықтары тоналды. Алайда уақыт өте келе монғол басқыншылары мұсылмандықты қабылдады.

XIII ғасырдың соңында ислам діні Шыңғысхан империясынан бөлініп шыққан Алтын Ордада ресми дін дәрежесіне көтерілді. XIV ғасырдың басында Алтын Ордада ислам мемлекеттік дін болып жарияланды.

XV ғасырда Жәнібек пен Керей негізін қалаған Қазақ хандығының тұсында да ислам діні жоғарғы хандық биліктің нығаюы мен түрлі қазақ тайпаларының бір этникалық қауымға бірігуіне ықпал еткен идеологиялық факторлардың бірі болды. Қазақ хандығының халқы исламның сунниттік

бағытының Ханафи мәзһабын ұстанды.

XV-XIX ғ.ғ аралығында Қазақ мемлекеті мұсылмандық құқықтық нормаларға жүгінді. Ең соңғы қазақ ханы Кенесарыға дейінгі барлық хандарда өздерінің шариғатқа жүгінгендіктерін атап кеткен.

Бертін келе Кенес дәуірінде “дін апиын” деген желеумен мешіттер қиратылды. Ал 1991 жылы еліміз егемендік алысымен тіліміз, дініміз, салт- дәстүрлерімізбен қауыштық. Ата дінімізге деген құрмет қалыптасты. Астанада төрт рет әлемдік діндер съезі өтті. Жана мешіттер мен медреселер бой көтерді. “Нұр-Мұбарак” “Египет Ислам” мәдениеті университеті ашылды.

Жалпы ислам діні-тасты жарып шығатын мөлдір бұлақ, әркімнің жүрегіне ол жолды өзі табады. Сондықтан да исламды санамен сезініп, жүрекпен сүю керек. Дін - ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасиретің дер едім. Исламды саясатпен де, саудамен де, дәстүрмен де, салтпен де шатастыруға болмайды. Ислам -ғылым, ислам - тағлым, ислам- биік мәдениет.

Дінді танып- білу үшін үлкен ақыл, терең білім керек. Ислам діні адамдарды адастыру, зорлық-зомбылық, қоғамға қарсы шығу үшін емес, ислам адамдарға Алланы танып білу үшін, бір-бірімізге әрқашанда мейірімді де мейірбанды болуды үйрету үшін жіберілген соңғы дін.

Сондықтан ата дінімізге деген құрметке адал болып, дініміздің мәртебесін биіктеп білейік.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Қ.МАҚҰЛБЕКОВА,
аудандық ішкі істер бөлімі көші-қон полициясының жетекші маманы.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің көші-қон полициясы департаменті бастығы, полиция полковнигі С.Сайыновтың 25.05.2016 жылғы №8-8-5-51/1078/249 нұсқауында жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) жоқ Қазақстан Республикасы азаматының жеке басты куәландыратын құжаттары «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» және «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының талаптарына сәйкес, 2013 жылдың қантарынан бастап жарамсыз болып табылады. Алайда, қазіргі уақытқа дейін ЖСН-і жоқ Қазақстан Республикасы азаматының паспортын ауыстыру аяқталған жоқ және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өту кезінде Қазақстан Республикасы ҰҚК-нің Шекара қызметі ЖСН-і жоқ жарамсыз паспорттарды алып қояды.

Осыған байланысты, көші-қон полициясының аумақтық бөліністері рейстен түсірілген Қазақстан Республикасының азаматтарын олардан алынған паспорттар ҰҰҚ ШК-дан келіп түскеннен кейін тұрақты тіркелген жері бойынша жана паспорттарға рәсімдеу бойынша жұмыстар ұйымдастыруда.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Байзақ ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына және «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №4-2/664 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 3 маусымдағы №4-2/514 бұйрығына сәйкес, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алуға жұмсаған шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар төлеу тізімін айқындау үшін жаздық дақылдар бойынша 2016 жылдың 20 шілдесіне дейін, күздік дақылдар бойынша 2016 жылдың 10 қарашасына дейін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден өтінімдер қабылдайды.

Өтінімдер қабылдау уақыты дүйсенбі-жұма күндері сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.

Қосымша анықтаманы: Сарыкемер ауылы, Ұ.Сыздықбаев көшесі, №1 үйде орналасқан аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінен немесе 8 (726 37) 2-17-87, 7-91-13 телефондары арқылы алуға болады.

* * * * *

Байзақ ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына және «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығына сәйкес, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялауға 2016 жылдың 10 желтоқсанына дейін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден өтінімдер қабылдайды.

Өтінімдер қабылдау уақыты дүйсенбі-жұма күндері сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.

Қосымша анықтаманы: Сарыкемер ауылы, Ұ.Сыздықбаев көшесі, №1 үйде орналасқан аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінен немесе 8 (726 37) 2-17-87, 7-91-13 телефондары арқылы алуға болады.

"ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ - НҮРЛЫ БОЛАШАҚ!"

БАЛА ЕҢБЕГІН ҚАНАУҒА
ЖОП ЖОҚ!

И.СПАНАЛИЕВА,
аудан әкімдігі білім бөлімінің
әдіскері.

**БАЛА ЕҢБЕГІН ҚАНАУ
ПРОБЛЕМАСЫ БҮКІЛ ӘЛЕМДЕ
ОРЫН АЛЫП ОТЫРҒАНЫ
БЕЛГІЛІ.**

Бала еңбегі баланың дене дамуы мен психоэмоционалдық дамуына үлкен, кейде оналмайтын нұқсан келтіреді. Жас мөлшеріне сай емес, ауыр еңбекке

негізінен халықтың әлеуметтік неғұрлым осал топтарының, тұрмыс деңгейі төмен отбасыларының немесе толық емес отбасыларының балалары араласады. Соңғы нәтижесінде бала еңбегі адамзаттық ресурстардың дамуына және еліміздің жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуына жағымсыз әсер етеді. Бала еңбегі Қазақстанда да кеңінен етек жайып келеді. Жүргізілген зерттеулер шектеулі ақпарат бергенімен, бала еңбегі масштабтарының кеңею үрдісі байқалауда. Қалыптасып келе жатқан еркін рынок жағдайларында жұмыс жасайтын балалардың саны қарқынды түрде көбеюде. Бала еңбегі тұтастай экономиканың барлық өндірістік және өндірістік емес салаларында ұшырасады, ауыл шаруашылығында, жергілікті базарлардағы ұсақ саудада,



кедейлік болып табылады. Бала еңбегіне, негізінен, қоғамның неғұрлым осал топтары – білім алуға, денсаулық сақтауға қол жеткізуі шектелген, табыс деңгейі төмен немесе мүлдем табысы жоқ келген отбасыларынан шыққан балалар тартылады. Осылайша, балалар еңбегі өзге әлеуметтік проблемалардың

жалғасы және осы проблемаларды қиындата түсетін фактор болып табылады.

Қазіргі таңда 1-12 маусым аралығында ауданда «Қазақстан балалары – Нұрлы болашақ!» республикалық шеңберінде «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» ұлттық ақпараттық науқаны (ҰАН) ұйымдастырылуда. Оның жоспары жасалып бекітілді.

Аталмыш акцияға аудан әкімдігінің ішкі саясат және білім, жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдері мен аудандық ішкі істер бөлімі, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары тартылып отыр. Он екі күнге созылатын акция барысында қоғамның балалардың құқықтары, сондай-ақ бала еңбегінің

ең нашар түрлеріне тап болған жағдайда балаларға көмек көрсету түрлері туралы ақпараттылық деңгейі арттырылып, балалардың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету бойынша қызметке ата-аналарды, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды қатыстыруды жандандыру жұмыстары жүреді.

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
БӨЛІМІ АРҚЫЛЫ КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

1. «Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет РЕГЛАМЕНТІ

Аталған регламент ҚР ҰЭМ міндетін атқарушының 2016 жылғы 21 қаңтардағы №23 бұйрығы негізінде, Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 31 наурыздағы №105 қаулысымен бекітілді.

Тараз қаласы және аудан әкімдіктерінің сәулет және қала құрылысы бөлімдері қызмет көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүзеге асырады;

3) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес және бастапқы материалдарды:

- техникалық шарттарды;

- сыртқы инженерлік желілер трассаларының схемаларын;

- егжей-тегжейлі жоспарлау жобасының көшірмесін;

- тік жоспарлау белгілерін;

- жолдар мен көшелердің көлденең қималарын қоса берумен сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру болып табылады.

Техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес жобалар бойынша өтініштерді қаулау – 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде;

Техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі жобалар бойынша өтініштерді қаулау – 16 (он алты) жұмыс күні ішінде.

2. Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертуге байланысты емес қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөлшектерін) реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

Аталған регламент ҚР ҰЭМ міндетін атқарушының 2016 жылғы 21 қаңтардағы №23 бұйрығы негізінде, Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 31 наурыздағы №105 қаулысымен бекітілді.

Тараз қаласы және аудан әкімдіктерінің сәулет және қала құрылысы бөлімдері қызмет көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет»

Мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүзеге асырады;

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертуге байланысты емес қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөлшектерін) реконструкциялауға (қайта жабдықтауға) көрсетілетін қызметті берушінің шешімі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар топтамасын қабылдайды, олардың тіркелуін жүзеге асырады құжаттар топтамасының қабылданған күнін және уақытын көрсете отырып, тіркеу туралы белгісі бар көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесін береді, 15 (он бес) минут ішінде.

2) көрсетілетін қызметті берушінің башысы құжаттар топтамасын қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды, 1 (бір) сағат ішінде.

3) жауапты орындаушы құжаттар топтамасын зерделейді, мемлекеттік қызметті көрсету объектісін маңызы бар қала, аудан әкімдігіне қаулысының жобасын дайындайды, 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

4) көрсетілетін қызметті берушінің башысы қаулының жобасын объектісін маңызы бар қала, аудан әкімдігіне ұсынады, 1 (бір) сағат ішінде.

5) объектісін маңызы бар қала, аудан әкімдігі қаулының жобасын қарайды және оған қол қояды, 6 (алты) жұмыс күні ішінде.

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыға объектісін маңызы бар қала, аудан әкімдігінің қаулысының көшірмесін береді немесе Мемлекеттік корпорацияға жолдайды, 15 (он бес) минут ішінде.

3. Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫ

Аталған регламент ҚР ҰЭМ міндетін атқарушының 2016 жылғы 21 қаңтардағы №23 бұйрығы негізінде, Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 31 наурыздағы №105 қаулысымен бекітілді.

Тараз қаласы және аудан әкімдіктерінің сәулет және қала құрылысы бөлімдері қызмет көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік

қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүзеге асырады;

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) ХҚО-ға құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап:

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын жылжымайтын мүлік объектісі мекенжайы өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерістерінің тарихынсыз нақтылау кезінде – 15 (он бес) минут;

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Кеңес
ауылының
тұрғыны,
көпке сыйлы
ел ағасы,
Кеңес
орта мектебі
директорының
оқу ісі жөніндегі
орынбасары
**Рысбаев
Бейбітхан
Қосақбайұлы**
үстемізіндегі
жылдың 10 маусымы күні **60 жасқа**
толған мерейтойымен әріптестері
шын жүректен құттықтайды.



жолдас бола білген азамат жары Баян екеуі бір ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Осы қуанышты сәтте Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Отбасыңыздан береке-бірлік, бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз!

Ел үшін еңбек еттің, аянбадың,

Сол жолдың бар бақытын

баяндадың.

Жарқырап, ұл-қыздарың –

жұлдыздарың,

Алтысқа атпақ айдай аялдадың.

Қызық-шаттық жақсылықты

көре бер,

Жұртшылықтың алғысын тек

тере бер.

Беделің де артсын ылғи ортада,

Еңбегіңмен алда өсіп-өне бер.

Құтты болсын мерейтойың,

белесің,

Барлық жаннан мақтау алып

келесің,

Аман болып, жасыңа жас қосылсын,

Алла жазса, талай тойды көресің!

Ізгі ниетпен:

Кеңес орта мектебінің ұжымы

мен бастауыш кәсіподақ ұйымы.

Т-203-06-61.

Ақ тілекпен!

Көптереқауылдық округі, Кеңес ауылының тұрғыны, көпке сыйлы азамат, құдамыз **Болтаев Дәнебай (Тана) Әдікерімұлы** үстемізіндегі жылдың 13 маусымында **Пайғамбар** жасы **63-ке** толуымен шын жүректен құттықтаймыз.



төмендегі жыр жолдарын өзіңізге арнаймыз.

Құтты болсын 63-ке толған

жасыңыз,

Сексеннің де сенгірінен асыңыз.

Қуат алып, денсаулықтың

нәрінен,

Жүзін өтіп жүзге аяқ басыңыз.

Балалардың арасында жүріңіз,

Шаттықтардан айықпайсыз

жүзіңіз.

Тілек еттік шын жүректен

бәріміз,

Мықты болып, ұзақ өмір сүріңіз.

Ізгі тілекпен:

құданыз – Дәуітбек, қызы –

Назгул, күйеу баласы – Мақсат,

жендеріңіз – Жансая, Ынталы,

Саналы, Жәния мен Сәния.

Т-204-06-61.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2016 жылдың 17 маусымы күні Сарыкемер ауылы Д.Қонаев көшесі №123 мекенжайдағы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалы – «Зейнетақы-телеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» департаменті Байзақ аудандық бөлімшесінде «АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» өткізілетіндігін хабарлаймыз.

ЗТМО Байзақ аудандық бөлімшесі.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Т-205-06-61. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі №292 үй, 1 пәтердің тұрғыны болған **Джигалиева Калиякулы** 2016 жылдың 17 сәуірі күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Смаилов көшесі №1 "а" үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері Г.Мудуароваға жолығулары керек.

Т-206-06-61. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Желтоқсан көшесі №26 үйдің тұрғыны болған **Қурманов Усенбай Наурызбаевичтің** 2012 жылдың 22 ақпаны күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, 3 бұрылыс, Орынқұлов көшесі №92 үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері А.Асырауоваға жолығулары керек.

Т-207-06-61. 19.06.2013 оқу жылында Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Талас ауылы, Н.Гоголь атындағы орта мектебінің 11-сыныбын бітіргендігі туралы **Рысдалы Назым Саматқызының** атына берілген сериясы **ЖОБ№0506001** нөмірлі аттестат жоғалуына байланысты **жарамсыз** деп табылсын.

Т-208-06-61. 2010-2011 оқу жылында Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Талас ауылы, Абай атындағы орта мектебінің 9-сыныбын бітіргендігі туралы **Бекмаханов Нұрбол Ержанұлының** атына берілген сериясы **НОБ№0422554** нөмірлі куәлік жоғалуына байланысты **жарамсыз** деп табылсын.

Т-209-06-61. Утерянный **гос.акт** на право частной собственности на земельный участок для ведения личного подсобного хозяйства (№211339, кад.номер - 06-087-020-1052, площадь - 0,1000 га, выданный 21.01.2011 г.), изготовленный Байзақским ЗКФДПТ "ЖамбылНПЦзем" 26.01.2011 г. за №13844, расположенный по адресу: Жамбылская область, Байзақский район, Бурыйский ауылный округ, с.Бурый ул. Байзақ датка, уч. 71, считать недействительным.

Т-210-06-61. 2009-2010 оқу жылында Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Чапаев орта мектебінің 11-сыныбын бітіргендігі туралы **Абутлаипова Акбота Толымханқызының** атына берілген сериясы **АН№0139301** нөмірлі аттестат жоғалуына байланысты **жарамсыз** деп табылсын.

ДИРЕКТОР Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ

**Редактордың уақытша міндетін атқарушы
Г. ЕРМҰРАТОВА**

Кезекші А.ШОТБАСОВА

Меншік иесі -
"Байзақ аудандық "Ауыл жаңалығы"-
"Сельская новь" газетінің редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және